№16-18 (22-24) / мамыр / 2019

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ–ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Балғынбек ИМАШ

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Корректоры: Зейнулла ЕРКЕБАЛАЕВ

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Стилист: Зүлфия ҚАБЫЛҚЫЗЫ

Фотограф: Нақып ШЫНТЕМІРОВ

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материал-дарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 10 000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Мұқабада: айтыскер ақын Балғынбек ИМАШ



АЛАМАН ДОДАНЫҢ АСАУ ЖҮЙРІГІ



Айтыс десе делебесі қозып, ішкен асын жерге қоятын қазақ аламан доданың кіл жүйріктері «атқа қонғанда» тақымын қысып отырады. Әйтсе де сол жүйрік атаулының барлығы бір төбе де, шашасына шаң жуытпайтын асау арғымағы – Балғынбектің өзі бір төбе. Ел оның әр айтысын асыға күтіп, «Шіркін, Балғынбектің әзілін-ай», «Мәссаған ол бүгін Айнұрды айнытпай келтірді ғой», «Сен оның орысша айтысын айтсаңшы?!» деп біраз уақытқа дейін қауқылдасып, алған әсерлерінен арыла алмай жүреді. Ал егер «бұл айтысқа Балғынбек шықпайды екен» десе, ол қазақ үшін «айтыс болмайды екен» дегенмен бірдей. Сөйткен Балғынбек кім? Ол қалай айтысқа келді? Оның басқа айтыскерлерден ерекшелігі қандай дегенге тоқталып көрейікші.



«БАЛҒЫНБЕК-ШОУ»

Европада «театр одного актера» деген бар, яғни, бір өзі бір театр адам. Айтыс та театр секілді синкретті өнер. М.Әуезовтің айтқан сөзі бар, «айтыс – дала театры» деп. Суырып салмалық, әртістік қабілетті бір адамның бойына жинайтын өнер. Кешегі Шашубай ақынның құйрығымен сырғанауын, Нартай ақынның бригадасын ертіп концерт қоюын өз заманындағы театрландырылған шоу десек болады. Осы айтылған қабілеттер бір адамның бойынан табылса, халықтың жадында сақталады. Осы тұрғыдан келсек, бір ғана Балғынбектің өзі – бүтін бір театр деуге әбден болады. Ән керек пе, әзіл керек пе, салмақты ой керек пе, салиқалы сөз керек пе, аспапта ойнау..бәрі-бәрі бар онда. Шыны керек, Республика сарайы толы халықты әзіл кештерінде бірнеше адам жүріп күлдірем деп «бүлдіріп» алатын жағдайлар жиі кездеседі. Ал, нағыз ақын бір өзі аспапта ойнай отырып, ойын «жігін шығармай» халыққа әдемі әуенмен жеткізу арқылы миллиондаған халықты ауызына қаратуы керек.

Айтыс –дала мінбері, сахнадан отырып ақын күйіп тұрған мәселеден күлкі де туғыза алады, елдің мәселелерін де жырлай алады, тарихты да толғай алады, халықтың көңілін бірде құзға шығарып, бірде құлдиға түсіреді. Айтыс деген өнердің ішіндегі ең қиыны, ақынның әр сахнаға шығар алдындағы жүрек толқынысын ешқандай сезіммен салыстыруға келмейді. Сондықтан, қазіргі айтыста көркемдік қуат та мықты, әзіл де, ән де, сән де, салихалы сөз де бәрі бар.

Әсіресе әзіл-қалжыңға келгенде жұртты қыран-топан күлкіге қарық қылатын ол бала кезден айтыспен «ауырған» екен. Қалжың, шымшыма, әзіл-сықақ әңгімелер мен өлеңдерді газет-журналдардан іздеп жүріп оқыған. Тіпті «Деген екен…» сериясымен шыққан кітапшаларды қалт жібермесе керек. Сондай-ақ жүрген жерлерінде естіген анекдоттарын жаттап жүреді екен. Яғни, оның қалжыңының өзі құрғақ сөз емес, үлкен ізденістен туған негізі бар дүниелер. Өмірдің өзі ақ пен қара түстен ғана тұрмайтынын ескерсек, Балғынбектің анекдоттары мен қағытпалары көрерменнің көңілін көтеріп, айтысқа айрықша әр береді. Ол бір, екіншіден Балғынбек қалжыңмен қағытып отырып-ақ талай ақиқаттың бетін ашады. Яғни, мақтап отырып-ақ мақтамен бауыздайды деуге болады. Алайда, Балғынбек бүгінде байсалды бола түскен. Оның себебін өзі «Орынды қалжың болса, жөні бөлек. Ал, бос күлкі жүректі қарайтатынына әбден көзім жетті. Қазір күлсем – бейғамдыққа, надандыққа, ашкөздікке күлемін. Рахаттанып емес, ызадан күлемін» деп түсіндіреді. Белгілі сатирик Көпен Әмір-Бек ағамыз айтпақшы, «күле білу – өмір, күлдіре білу - өнер» дегендей, Балғынбек Имашев үшін әзіл-сықақ жай «қысыр сөз», арзан күлкі емес, кәдімгі құдіретті құрал. Оған ақынның айтыстағы сатира мен юморды ғылыми тақырыбына

негіз етіп алып, диссертация қорғағаны дәлел бола алады.

«МАҚАМДАРДЫҢ МАСТЕРІ»

Сөздің көркі мақал болса, айтыстың көркі – мақам. Бұрындары ақындарды мақамы арқылы қай өңірден екенін танитын болса, бүгінде мақамның функциясы аздап өзгерген. Жалпы, ақындар айналасы бес-алты мақамнан шыға алмай жүргенде, Балғынбек ол жағынан тапшылық көрген жоқ.

Керісінше, мақамды мың құбылтудың шебері атанды. Әуелі айтысқа енді келген кезінде ол Айтақын Бұлғақовты пародия жасады ма, әлде өзіне сол мақам жылы ұшырады ма екен, әйтеуір аға





буынға жақсы таныс «хайләйлім, хайлім, хайлайлім-ай» деп екі иығын қозғалтып, аяғымен жер тіреп айтысатын. Бірақ бара-бара Балғынбек хитқа айналған әндердің әуеніне салып айтысатын болды. Онысы көрерменнің көңілінен шыққаны сонша, жұрт тіпті «Балғынбек бұл жолы қандай мақаммен айтысар екен?» деп бара-тын болды. Бірде ол Қайрат Нұртастың «Мейлісіне», бірде «Ауырмайды жүрегіне» салып айтса, келесіде басқа бір хит әнге сала қояды.

Таяуда ғана белгілі айтыскер, Балғынбектің байырғы жұбы Айнұр Тұрсынбаева өзінің сахнада 25 жыл толуына орай шығармашылық кешін өткізген болатын. Сонда тізгінді өзі ұстаған Балғынбек өлең жолдарын бүгінде хитқа айналған «из 90» әніне салып айтып, жұрттың көңілін серпілтіп тастады.

«...Жүрсіннен бөлінді топ бала,
Ішінде Айнұр бар, опана.
Одақтан мені, Шығарып таста,
жаланы Жүкең жабады босқа.
Сақалға бола сектаға қоспа.
Біз ханафимыз из девяноста!», - деп өлеңдетті ол.

Және ең қызығы шығармашылық кеште ол Айнұрға жылан сыйлады. Оған ел де, Айнұрдың өзі де аңтарыла қарап еді. Балғынбек дереу тағы да сол «из 90» әнінің мақамына салып:

Жыланнан қорықпа,
денеңді бос ұста,
сыйлықты саған,
бермедім босқа.
Айнұрды мәңгі,
баладым досқа.
Бұл менің кобрам,
из девяноста! - деп әдеттегідей сарказммен іліп әкетті.

Тағы сол кеште Балғынбек сонау 90 жылдарға шолу жасап:

Ол кезде Мэлс Оралдан еді,
Дәулеткерейлер оралман еді,
Айтыстың сәні Ақмарал менен
Кәрима апам, Оралбай еді.
Аманжолдарда мақам боп еді,
Мұхаммеджанда сақал жоқ еді,
Бекарыс киллер аттанған еді,
ал Серікзатта атақ жоқ еді», - деп әдемі әзіл-қалжыңмен айтыс тарихын өрді де берді.

Тағы бірде Жандарбек Бұлғақовпен айтысқан кезінде Балғынбек Алматы жайлы толғанысын «О, қала» әнімен жеткізді:

– О, қала,
Қонаев салған қала,
Қып-қызыл алмаң қайда?
Жап-жасыл баулар қайда?
Сыймады-ау тар маңдайға.









отыруға машықтандыру керек. Бірақ, көркемдік деңгейін түсірмей әрине. Айтыс – синкретті өнер. Сондықтан әр айтыскер өз бойындағы ерекше қасиеттерін ұтымды пайдаланып, өз орындарын тапса, өз мүмкіншіліктерін көрсете білсе, бір – біріне ұқсамайтын стильдер қалыптастырса, көрермен де, тыңдарман да разы болар еді. Ал, ол үшін дәл осындай іс – шараларды жиі ұйымдастырып тұру керек».

Яғни, әзілдеп отырса да, Балғынбектің әр сөзінің түбінде зілді ой жатады. Ол айтысқа шығып жүрген отыз жылға жуық уақыт аралығында талай шындықты тайсалмай, тіліп айтқан ақын. Ол – ешкімге жалтақтамайтын турашыл ақын. Ол ешқашан ешкімнен жеңіліп көрмеген ақын. Шын жүйрік. Ол тапсырыспен ән жаза алмайтын шын өнердің өкілі. Эстрада мақамына салып айтысса да, дәстүрлі әндерді сүйіп тыңдайтын нағыз ұлтжанды ақын. Ол үшін ең басты құндылықтар әуелі Алла, сосын иман, одан соң Отан!

Мәриям ӘБСАТТАР
Түркістан - Нұр-Сұлтан

О, қала,
Тоналып қалған қала,
Жеп кеткен байлар қайда?
Шетелде тайраңдай ма?
Үкімет ойланбай ма?

Жалпы, өзінің неліктен айтысты танымал әндерге салып айтатыны жайлы ақынның өзі былай дейді: «Біз айтыста танымал әншілердің орындауындағы әндерге салып айтқанда, оларға жарнама жасайын деп жатқанымыз жоқ, мақсат-керісінше, олардың танымалдылығын («хит» дейді ғой) пайдалана отырып жастарды айтысқа тарту, түрлі жаңашылдықпен қызықтыру» деген сөзінің жаны бар. Келешекте жас айтыскерлердің шеберлігін ұштап, айтыс барысында тек заманауи әндер ғана емес, ескі халық әндерін қара өлең формасында қосып, сарынды да түрлендіріп



МАҚАМДЫ ДА, ӘНДІ ДЕ ОРНЫМЕН ҚОЛДАНАТЫН ЕСТІ АҚЫН



Балғынбек Имашев біздің буынның ішіндегі ең көрнекті, ең жүйрік, ең озық ақындардың бірі деп есептеймін өз басым. Себебі Балғынбектің елден ерекшеленіп тұратын өзіндік стилі, өзіндік бет-бейнесі, ақындық, азаматтық ұстанымы әбден қалыптасқан ақын. Мысалы, қазіргі таңда көптеген айтыстарды радиодан тыңдап отырып мынау мына ақын десе де сенесің, айтысып жатқан мына ақын десе де сеніп қалуы мүмкін тыңдарманның. Бірақ Балғынбекті тыңдап отырып мынау қай ақын дей алмайды ешкім. Себебі Балғынбектің мақамы да, сөзі де оның болмысын ерекшелеп тұрады. Балғынбектің бойында айтыскер ақынға тән қасиеттер жетерлік. Ол о бастан сөзге ұста адам. Балғынбектен бір бос сөз кездестіре алмайсыз. Ол әрбір сөзді орнымен қолданатын шебер ақын. Ең әуелі ол ақын, одан кейін сөзге ұста шебер ақын. Сөзді өзінің ойына қарай, айтыстағы ұстанған бағытына қарай өте ұсталықпен ойнататын шебер ақын. Балғынбектің тағы бір ерекшелігі – ол кез-келген ақынмен айтысып кете алады. Ол үлкенмен де айтысып кете алады, кішімен де сөз жарастырып кете алады, құрдастарымен де, болмаса қыздармен де қалжыңы жарасып кете алады. Ал үлкен ақындармен немесе айтыстың айдынындағы адуынды ақындармен де кез-келген мәселеге қарай сөз таластырып, кез-келген толғақты проблемаларды тереңінен қозғап кете алады. Бұл енді көп ақынның бойында жоқ. Кейбір ақын мысалы, әзіл-қалжыңға ұста болуы мүмкін, кейбір ақын тақырыпқа ұста болуы мүмкін, енді әркімнің жаны әр нәрсеге жақын болады ғой. Ал Балғынбектің ерекшелігі кез-келген бағытта айтыса алады және озық айтыса алады. Міне, оның осы озық өнері оны елдің есінде қалдырды деп ойлаймын. Балғынбектің мақамды қалай ойнататынын айтыста елдің бәрі біледі. Мысалы, неше түрлі әнге салып айтысуды да айтысқа алғаш рет алып келген ақындардың да бірі осы Балғынбек деп ойлаймын. Балғынбекке еліктеп талай адам әнге салып кетті ғой, бірақ оның барлығы дәл Балғынбектікіндей сәтті шыға қойған жоқ. Балғынбек керек жерінде жарасымын тауып, кетігін тауып қалайтын сөзді де мақамды да, әнді де орнымен қолданатын есті ақын. Балғынбектен үлкеннің де, кішінің де үйренетін тұстары көп деп есептеймын. Әсіресе біздің жастарымыз үлгі алатын алдыңғы буын ақын болып қалды ғой. Сондықтан Балғынбек бауырымызға тек жақсылық тілейміз.

Бекарыс ШОЙБЕКОВ,
айтыскен ақын
Түркістан қаласы

«Балғынбекпен айтысып ем деген де үлкен тарих»



Аға буындарды көріп, көзімді ашқалы бері Мұхамеджан Тазабек, Аманжол Алтай, Бекарыс Шойбек, Мәльс Қосымбай, Дәулеткерей Кәпұлы, Балғынбек Имашев секілді ағаларымыздың айтысын тыңдап өскен ұрпақпын. Солардың айтысына еліктеп, сөз тауып айта алсақ, халықтың көз алдында жүрсек, шіркін-ай деп, армандап өскен ұрпақтың бірімін. Аға буынның менің өмірімдегі, жалпы, айтыс өнеріндегі маңызы ерекше. Себебі, біздің көз алдымызда жүрген, тәуелсіздікке дейінгі айтысты өлтірмей алып келген Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Тәушен Әбуова, Манап Көкен, Көкпай Омар сияқты ағаапаларымыздың еңбегі ұшан теңіз. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ руханиятының, қазақ өнерінің, қазақ айтысының биікке шығуына сөзімнің басында айтқан ақындардың қосқан үлесі зор. Ұлттық өнерімізге өз үлесін қосқан барлық аға-әпкелерімізді шын жүректен құрметтеймін, бағалаймын, олардың менің өмірімде де, айтыс өнерінде де орны биік деп есептеймін.

Балғынбек ағамыздың басқа ақындардан ерекшелігі - айтыс сахнасына сатирамен, юормен келуі. Өзінің жұртқа ұқсамайтын тұлғасымен, сөз саптасымен бүкіл елдің есінде. Сонау 1998 жылы Қарасай батырдың айтысында Мұхамеджан Тазабеков ағамызбен айтысып, жарқ етіп алашқа танылғалы бері өнер биігінен бір түскен емес. Мысалы, Бекарысқа, Аманжолға, болмаса Балғынбекке ұқсағысы келетіндер көп болуы мүмкін, бірақ, Балғынбек аға ешкімге ұқсамайтын өзінше бір бөлек тұлға.

Балғынбек ағамен жиын-тойларда, үлкен аламандарда айтысқанмын. Аға буынмен сөз сайысына түскенде бізге жеңу мақсат емес, керісінше, олардан тәжірибе жинақтау басты мұратымыз. Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы қандай үлкен орны бар уақиға болса, біз секілді жасөспірім жастар үшін де осындай кісілермен айтысып, содан тәжірибе жинақтаудың өзі үлкен тарих. Аллаға шүкір, мен бұл ақындармен айтыстым, тәжірибе жинақтадым, еш ұтылмадым деп ойлаймын және мақтан етемін.

Біржан БАЙТУОВ,
айтыскер ақын
Шымкент қаласы

Мұхамеджан мен Балғынбек айтысы



БАЛҒЫНБЕК:

Ақын ағам Тараздық, келші бермен,
Алматыдан шықсаң да ерсі көрмен!
Қайрап-қайрап кім салды сені маған,
Ұрлап алған балтадай көршілерден?

Таба алмадым өзге тең,
Сен емессің көзге кем.
Солақайдан құтылғам,
Оңқай ақын сөз бе екен?

Мұхамеджан ақыным жолда тұр ғой,
Аты әйгілі Алашқа ол да ақын ғой.
Атақтымен көрейін арпалысып,
Көз қорқақ болғанымен, қол батыр ғой.

Мұхамеджан ағаммен
Түстім бүгін егеске.
Затынан гөрі қасқырдың
Аты үрейлі емес пе?

МҰХАМЕДЖАН:

Ащы тер шыққан кезде жон арқадан,
Шабыттың тізгініне қол арта аламын.
Ойлы халқым, орнында отырмысың,
Нәр алып айтыс деген омартадан?!
Қолы ашық, көңілі кең қазақ едің,
Қонаққа ат мінгізер дәл ортадан.
Жүректі шымырлатып ой айтайын,
Қызыл шоқ суырғандай қоламтадан.

Түйең де, кеудеңдегі түймең де есен,
Табылса, керуеніңді сүйрер көсем.
Ат сүрініп болғанша ақыл тапқан,
Ел қазығы ежелден – би мен шешен.
Екпіндеп мен Жамбылдан неғып келдім,
Езуімнен ел-жұртқа сый бермесем?

Балауса Балғынбегім, аманбысың,
Шығар ма едің өнерді игермесең?
«Бәрекелді!» деп сені жетелермін,
Ине боп қадалғаннан именбе сен!
Су жорғадай қасыңнан өте шығам,
Күл шығарған кісідей күйбеңдесең.
Құрметсіз сөздеріме жолығарсыз,
Сүндетсіздің ұлындай сүйреңдесең.

Тұғырына жігіттік туын іліп,
Айтар сөзді алтынның буы қылып,
Айтысты қазан қылып қайнатайық,
Жырымсыз қуырдақтай қуырылып.
Бөрідей жігіт болсаң, бөгелмей айт,
Ел тыңдасын ауызының суы құрып!
Азу басып көр енді арыстанға,
Тиген жерде тіс қалсын суырылып!



Өзіңді көрейінші ойнап тұсап,
Жаяйын еркелетіп жайлап құшақ!
Бірімізді-біріміз жаниықшы,
Кәдімгі пышақпенен қайрақ құсап.
«Оңқай ақын не тұрар?» - деп отырсың,
Бойыңнан белгі беріп айбатты шақ.
Күн жарықта сілкініп қайдан келдің,
Шөмелеге түнеген бейбақ құсап?

БАЛҒЫНБЕК:

Аламанға ең алғаш қатыссақ та,
Алып кетті бір ақын «отставка».
Жасың үлкен, таңдауды сен ала ғой,
Алыспақ па, керегі, атыспақ па?

Қасым ата, сексенге тақадыңыз,
Құтты болсын құрметті атағыңыз!
Нұрғисадай атаға дәл соны айтам,
Жырмен жабар бұл біздің шапанымыз!

Қасым атам партизан болды зерек,
Нұрғиса атам өнерде орны бөлек.
Аяқ асты Балғынбек байып кетсе,
Мұхтар құсап Сіздерге «Волга» береді!
Мына біздей кейінде
Буын барын біліңдер!
Біздің өмір алда ғой,
Тұлпарды да мініңдер!
Байығанша Балғынбек
Аман-есен жүріңдер!

МҰХАМЕДЖАН:

Жарқырап жаныма кеп бір айдай боп,
Отырсың-ау, Балғынбек, шырайдай боп!
«Болашақта жарылқаймын» - деп отырсың,
Уәдесін ұмытпас ұландай боп.
Басыңа жай біткен соң, астыңа тай,
Кетпеймісің шық бермес Шығайбай боп?

Сайыстан өтерміз-ау сүрінбей тек,
Ілестіріп отырсам інім ғой деп.
Айтыстың ажарына айналайық,
Жайнайықшы жантақтың гүліндей боп!
Тасқындаған талайды тоқтатқанмын,
Тасқа басқан етіктің бүріндей боп.
«Хай-ләйлімің» құлақта жаңғырсыншы,
Үңгірдегі үкінің үніндей боп!
Оқыс қимыл жасайсың оқта-текте,
Бұтақ ілген қауырсын жүніндей боп.

Балғынбек, бозабаласың боз мақпалдай,
Кеуденің талай шерін боздатқандай.
Өз сөзіңе отырсың өзің күліп,
Қораз тауып, қошқарды қоздатқандай.
Тәсірлі сөзді айтсаң қуанайын,
Тас үңгірден тарихи сөз тапқандай.
Түгел сөздің түбірін қопарып айт,
Түп ата Майқы биден қоздатқандай!

БАЛҒЫНБЕК:

Сөзін айттың, ағасы, жөн еместің,
Шығайбай, Қарынбайдың көң емеспін.
Айтыс сайын дәметер бір мәшине,
Араны кең ашылған сен емеспін.

Ауыздықпен алысқан тұлпардаймын,
Көп шайқаймын басымды, бұлтармаймын.
Басып жейтін қарақұс мен емеспін,
Шашып жейтін алғанын сұңқардаймын.

Бар әңгіме осында,
Жарқылдайын жасымда!
Сескенейін мен кімнен,
Сен отырсың қасымда?

Қарасайдың асында
Жер тепкілеп аяғым,
Тыныш тұрмас басым да.

МҰХАМЕДЖАН:

Көз салсақ Балғынбектей інімізге,
Мәлім ғой іниіздің сыры бізге.
Байдың асын байқұс кеп қызғанғандай,
Мәшине лаң салды-ау түріңізге.
Сен де әлі мінерсің талай тұлпар,
Тікен кірмей жетілсең тіліңізге.
«Қарғадай басып жейді» - деп қорладың,
Бір ызғар араласып үніңізге.
Інішек, сұңқардайын шашып жатсаң,
Көрерміз олжа алған күніңізде.

Топ жарған ақын сөзін толғайды екен,
Ізетті іні ағасын қорлай ма екен?
Балғынбек, барлық жерде жеңіске жет!
«Озба!» - дейтін ойым жоқ ондай бөтен.
Бар денеңнің дірілін басу үшін,
Енді саған үйленбей болмайды екен.

Олжаңды озып талай өңгерерсің,
Сол жерде өз-өзіңе өң берерсің.
«Мықтыны да дәл бүгін ықтырам» - деп,
Өзіңе өзің бекер жел берерсің.
Жауына да мейірімді Қарасайдың
Қасиетін сен қашан меңгерерсің?
Болашақта болаттай берік болғын,
Әлі талай мерейлі ел көрерсің!
Маңайыңа қарайсың суық көзбен,
Маңдайың тасқа тиіп көрмегенсің.
Болғанда айтыс – кеме, өлең – теңіз,
Жаңа толқын болармыз өлеңге біз.
Айға қолын сермеген батырлармен,
Тым биіктеп кеткендей кең өлкеміз.
Қазағымның тұлғасы тұтасқанда,
Күндік жерге түседі көлеңкеміз.

Ақиқатты бұрмалап жатқан күнде,
«Азаттық» радиосы қақпан кімге?
«Қарасай батыр тұлға болмаған» - деп,
Тарихтан өшірмекші таптап мүлде.
Бақайынан баса алмай жүрген біреу,
Балтасын ап жүгірді батқан күнге.

Бабамды бірдей көріп балапанмен,
Бастыра салмақ екен қара талмен.
Жақсы адам сан ұрпаққа күн секілді,
Ақ шапағын шашатын жаңа таңмен.
Жиылса да қанша адам күннің бетін,
Көлегейлей алмайды алақанмен.

Балғынбек, бізден жасың кіші ме еді,
Кішілікті кісі қашан түсінеді?
Суырдың ініне аяқ тыққанынша,
Кішілер кеудеге нан пісіреді.
Мен сенің талабыңды қолдайыншы,
«Ақын» деген айрықша кісің еді.
Бабаларды бағалап біз тұрғанда,
Сезеді Балғынбектің іші нені?
Қарасайдай батыры бар халықтың
Қара шайы қайғысыз ішіледі.

БАЛҒЫНБЕК:

Білем дейсің, сен маған күлесің бе,
Бойдақ емес бұл інің, білесің бе?
Сол ақылды алдымен өзіңе айт,
Мәшине таңдап әлі жүресің бе?

Қызғанбаймын, шабытты қыздырыңыз,
Алғаш шықтық, естілсін ізгі үніміз!
Мәшинеден жинаушы ең коллекция,
«Волганы» да бұл жолы Сіз мініңіз!

Талғат ағам ғашыркер мыңды үйірді,
Алты Алашқа абырой шын бұйырды.
«Ғарышкер жоқ қазақта» - дегендердің,
Екінші рет аузына құм құйылды.

Осы күнге жеткізген
Егемендік емес пе?
Әлем болып қазақты
Елегендік емес пе?
Елбасы өзі қарсы алып,
Мерейін ердің асырса
Көрегендік емес пе?

МҰХАМЕДЖАН:

Балғынбек, сен сөйлерсің барыңменен,
Алаң болып толғайын жанында өлең.
Суық көзді қадауды қоймадың-ау,
Жарылсам да жүректің ағыменен.
Тақымың тайға тиіп көрмеп еді,
Әлі жүрсің қырдағы сағымменен.
«Мәшине, мәшине» - деп қоймадың-ау,
«Тауықтың бар арманы - тары» - деген.

Мұндайда бірлікті істі қылатын да ер,
Қарасайдай ерлерді туатын бел!
О, тәңірім, қазақтай елімізге
Жеңілмес батырлықтың жұратын бер!
Қазыналы Қасымдай атамызға
Айнымайтын иманның қуатын бер!
Залда отырған жайқалған жас қауымға,
Мұхаммед Пайғамбардың мұратын бер!

Өнерің бар бойыңда байқайтұғын,
Сары қымыз секілді шайқайтұғын.
Сен екеуміз ұрпаққа үлгі қылып,
Талай-талай айтармыз ой татымын.
От ала келіп қайтқан әйелдің де
Отыз ауыз сөзі бар айтатұғын.
Абысынмен сырласып отырғандай,
Балғынбек, түрің жоқ қой қайтатұғын?

ШИПА

ХИДЖАМА – ХАЛЫҚТЫҚ ЕМ

Хиджама – Пайғамбар заманынан, Гиппократ кезінен келе жатқан белгілі ем-дом түрі. Кейін келе таблеткалы дәрі-дәрмек бизнесінің қарқын алу салдарынан ұмыт қалған-ды. Қазір діни тұрғыдан емдеу жаңғырған соң қайта қолданысқа еніп жатыр. Хиджама – тұз шығару үшін, қан қысымын дұрыстау үшін, тері ауруларынан арылу үшін, сондай-ақ бет терісінің бұзылуын да (безеуден де) емдеу үшін қолданылатын ем түрі.



Бұл ем түріне заң тарапынан нақты тыйым да, нақты рұқсат та жоқ. Халық емі халықпен бірге болғандықтан әлі күнге қолданысқа ие. Қан құрамы бұзылған соң қантамырлар дұрыс тыныстай алмайды. Құрамы бұзылған қанды хирургиялық жолмен ағзадан шығарудың жолы осы. Қылтамырларды босату арқылы нүктелерді босатып, рефлексті жерлер шертіледі де сол жерге банка қойылады. Ұйыған қанды сұйылту процесі арқылы қан айналу жүйесі дұрысталады. Қантамырлар қажетті ауамен толықтырылып, қанның жүру жолы дұрысталады. Бұл – заманауи емдеудің озық тәсілі.

Дәрігерлердің тарапынан «Бұл медициналық емдеу түріне жатпайды. Сондықтан денсаулық сақтау бөлімі бұған қатты алаңдаулы. Қан – адам өмірінің өзегі. Оның ағзадан дұрыс шығуы аса маңызды. Қазір мемлекеттік емес қан алдыру орындары көптеп ашылып кетті. Бұл қауіпті де. Себебі қан алушылар қандай құралдарды пайдаланады, қалай пайдаланады? Ол құралдар дұрыс залалсыздандырыла ма? Хиджама қаншалықты дұрыс? Оны жасайтын мамандардың тиісті білімі бар ма?», деген тәріздес наразылықтар тудырып жатады. Бұл орынды да. Жоғарыда айтқанымыздай хиджама халық емі. Діни тұрғыдан құпталған ем түрі. Ислам дінінде ғылым мен білім дамымай тұрып айтылған, жазылған адам таңқаларлық дүниелер




қаншама?! Ендеше хиджама да бір кездері ұмыт болған, десе де қажеттілігін жоғалтпай халықпен қайта қауышып отырған ем. Мамандардың біліктілігіне келер болсақ әр маман арнайы курстардан өтеді. Сол курстан дұрыс өткен адамға Алматы қаласында сертификат беріледі. Ал біз курс арқылы білікті мамандарымызбен жас мамандарға арнайы тәжірибелер жасатып, әбден машықтандырамыз. Қан алу үдерісінің маңыздылығы мен қаупін түсінеміз. Сол себепті бұл іске аса жауапкершілікпен қарауға барымызды саламыз. Бұл тек медициналық қана емес, сондай-ақ діни ем түрі болған соң тазалық назардан тыс қалмасы анық.

Сүлікпен де қан алдыруға болады. Бірақ хиджаманың сүлік салудан бірнеше айырмашылығы бар. Біріншіден тиімділігі. Бір сүлік 2 г қан сорады. Демек ағзадан 200 мг қан шығару үшін 100 сүлік салдыру керек. Ал хиджамада 200 г қанды бір хирургиялық банка арқылы алады.

Екіншісі гигиена. Сүлік тамырдың үстінен салынғандықтан ол жерлерден қан тоқтамай қояды. Жараның аузы көпке дейін жазылмай қояды. Бұл адамның мазасын алады.

Үшіншіден жараның аузы көпке дейін жазылмай жүргендіктен ол жерлерге микробтар түсіп кету қаупі бар. Сүлік салдырған адамдардың 50 пайызы әртүрлі аллергия жұқтырып жатады. Халықтың 35 пайызы онсыз да аллергиядан зиян шегіп жүргенде қауіпті еселей берудің қажеттілігі жоқ.

Сегіз ай тромбофлебитпен ауырып, аяғынан жүре алмай қиналып жүрген жігітті үш күнде отасыз-ақ қан алу арқылы жазып шыққанымыз бар. 2007 жылы хиджама бүгінгідей кең таралмаған кезде осы емді кішкене қорқынышпен өзім де қабылдадым. Нешеме жыл мазалаған дертімнен осы ем арқылы жазылғандықтан хиджаманы халық арасына таратуды жөн көрдім. Осы кезден бастап аян ала бастадым. 11 жылдан бері құрсақ көтермеген әйелді әуелі түсімде көрдім. «Әйелден, әйелден» деген сөздерді естідім, бірақ түк түсінбедім. Таң ата бала көре алмай жүрген ерлі-зайыптылар есігімді қаққанда ғана жаңағы сөздердің не мағына беретінін түсіндім. Экоға барып, нешетүрлі ем қабылдап әбден табаны тозған жұпты емдеп көруге бел будым. Әйелін оңаша шақырып алып, арқасына аон бір банка қойып әуелі қанын тазалап, ниетін дұрыстап, тілекші болып қала бердім. Жылға жетер-жетпес уақыт өткен соң «нәресте сүйдік» деген сүйінші хабар есіттім. Осыдан бастап жұмыс бабымен бірге жүрген әріптестерімнің ішінде де,



таныс-тамырларымның ішінде де осындай мәселе толғандырып жүргендердің қаншасының көз қуаныштары дүниеге келгенін көріп жүрміз, осыған сеп болып

та жүрміз. Табалдырығымнан аттаған әр әйелге іштей тілектес, ниеттес болып жаратқаннан демеу сұраймын. Әр адамға жаңаша ықыласпен, ерекше жақындықпен көмектескім келеді. Дерт те, шипасы да жаратқаннан.

Қан алдыру қазақ медицинасында бұрыннан келе жатыр. Адам денесінде 706 түрлі ине көзі бар. Сол көздердің 64-не ине салуға тыйым салынған. Соның ішінде 34-і аса қатерлі. Қазақ медицинасы қанды науқастың ауыратын, жиі мазалайтын жерлерінен алады. Қол-аяқ буындары ауырғанда да осылай жасайды. Қан қысымы кезінде дәрі-дәрмектер көмектеспеген жағдайда хиджама пайдаланылады. Онда қан бастың екі жақ шекесінен, қарақұстан алынады. Шығыс медицинасында қанды ине салатын нүктелерден алады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша қан алдырып жүрген адамдардың сексен сегіз пайызы инсульт пен инфарктқа ұшырамайды. Қазақ медицинасы бойынша көктемде наурыз бен сәуір айларында, күзде қазан мен қараша айларында хиджама алған пайдалы деп есептеледі. Мұның себебі, жазда, күзде адамдарда жеген тамақтар әсерінен адам денесінде (зиянды күлдер) шлактар пайда болады. Ислам медицинасында хиджаманың пайдасы туралы айтылған. Соның негізінде, медициналық білімі жоқ молдалардың қан алдырып жүргендері бар. Ең қауіптісі – медициналық білімі жоқ бақсы-емшілердің хиджаманы жасауы. Өйткені абайсызда қауіпті 34 нүктенің біреуіне түссе, адам өліп кетуі мүмкін. Сондықтан хиджаманы медициналық мекемеде жасатқан дұрыс. Мәселен, қажылыққа барған болсаңыз, арнайы хиджама бөлмелерін көрдіңіз. Хиджам жасау Араб елдерінде заңды түрде бекітілген. Ол елдерде аталмыш ем түріне жүгінетіндер қатары көп екенін айта кету керек. Бізде де бұл ем түрін қабылдаушылар қатары күн санап артып келеді. Дін хиджама жасауды құптайды. Бұл – ғибадат һәм сүннет. Бұл ем-домды заңды тұрғыда бекітудің уақыты келген сияқты.

Әрине XXI ғасырда діни не халықтық ем түрін пайдаланған дұрыс емес болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ қарапайым қой майының берер әсерін біз кейде бір қорап дәріден де ала алмай жатамыз. Халық емінің жөні бір бөлек те, медициналық емнің жөні тағы бір бөлек. Емнің неше түрін көрген, қабылдаған адамның бірі мен



едім. Ине салу арқылы емделіп, болмаған соң шөп медицинасын да қабылдап, оған көнбеген соң осы хиджаманы жасатқан ем. Хиджамадан соң бұрынғы дертімді ұмытып, құлан таза жазылып шыққан соң осы емді халыққа таратуды, халықты инемен не дәрі-дәрмекпен уламай, бұрынғы емдеу тәсілімізбен, таза әрі тиімді тәсілмен емдеуді жөн санадым. Бүгінде өз тәжірибем арқылы 35 шәкіртімді тәрбиелеп, 40-тан аса хаджа-маманымыз біліктілік сертификаттарымен республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүр. Қазір Түркістан, Кентау қалаларында өзімнің басшылығымда қан алу орталықтары бар.

Гүлжан БАЙДАБЕКОВА,
биоэнерготерапевт
Кентау қаласы

Әуезов туындысы сахналанды

Қазіргі жастар сияқты мен де уақытымның басым көпшілігін интернет желісінде отырып, керексіз ақпараттарды оқитынмын. Уақыт өте келе өзімнің келешек мамандығымды таңдау барысында мен журналистика мамандығына тоқталдым. Мамандығыма үңіле келе мен интернеттегі бұрыс ақпараттардан гөрі, көркем әдебиет және қойылымдар мен түрлі тілшілердің сұхбаттарына қызығушылығым арта түсті. Бос уақытым болса, мүмкіндігінше қойылым көріп өзіме рухани азық алуға тырысамын.

Сәті түсіп Райымбек Сейтметов атындағы сазды - драма театрында М. Әуезовтың « Қараш - Қараш « драмасы алғаш рет сахналанды. Қоюшы режиссері - Айдар Наурызбаев.

Оқиға М. Әуезовтың тарихи шығармасына негізделгендіктен қарапайым көрерменге ауыр. Қойылым 2 бөлімнен тұрғандықтан ұзақ және мазмұны күрделі. Бұл қойылымда қолында билігі бар адамдардың қарапайым халықты қанауы, мүлік пен құқық теңсіздігі мен білімсіздік сол уақытта белең алғандығы анық көрініс тапты. Бұл мәселелер әлі де біздің қоғамда кездеседі. Халық ашып мойындамағанымен, ел арасында бай мен кедей бөлінісі бар. Қазір құлдық жойылып, білімді адамдар саны артып келе жатыр. Бұл қуантарлық жайт.

Қорыта айтқанда бұл драма менің театрға деген махаббатымды одан әрі аша түсті. Актёрлар өз рөлдерін керемет ойнады, сонысымен мені тәнті етті. Осы тұста режиссері мен актёрларының еңбегі зор. Дыбыс, жарық , киім керемет үйлестірілген.



Осындай өнерді қарапайым халықтың жүрегіне жеткізгендеріне ризамын. Елбасымыз, «Мемлекеттің мерейін өсіретін күш – рухани байлық. Ізгілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін киелі орта - театр» деген еді осы театрға келген сапарында, қасиетті қаланы дүр сілкіндірген драманың идеясы анық, өзектілігі талас тудырмайтындықтан өз көрермені болатынына бек сенімдімін. Мұратына жеткен драманы қойған ұжым труппасын жаңа премьерасымен құттықтаймын!



Жанайым АСЫЛБЕККЫЗЫ,
Ж.Еділбаев атындағы мектеп-гимназиясының
11-сынып оқушысы,
Түркістан қаласы

САРАСӨЗ

ЖУРНАЛЫ





2019

Қаңтар

1		1	2	3	4	5	6
2	7	8	9	10	11	12	13
3	14	15	16	17	18	19	20
4	21	22	23	24	25	26	27
5	28	29	30	31			

Ақпан

5					1	2	3
6	4	5	6	7	8	9	10
7	11	12	13	14	15	16	17
8	18	19	20	21	22	23	24
9	25	26	27	28			

Наурыз

9					1	2	3
10	4	5	6	7	8	9	10
11	11	12	13	14	15	16	17
12	18	19	20	21	22	23	24
13	25	26	27	28	29	30	31

Сәуір

14	1	2	3	4	5	6	7
15	8	9	10	11	12	13	14
16	15	16	17	18	19	20	21
17	22	23	24	25	26	27	28
18	29	30					

Мамыр

18			1	2	3	4	5
19	6	7	8	9	10	11	12
20	13	14	15	16	17	18	19
21	20	21	22	23	24	25	26
22	27	28	29	30	31		

Маусым

22						1	2
23	3	4	5	6	7	8	9
24	10	11	12	13	14	15	16
25	17	18	19	20	21	22	23
26	24	25	26	27	28	29	30

Шілде

27	1	2	3	4	5	6	7
28	8	9	10	11	12	13	14
29	15	16	17	18	19	20	21
30	22	23	24	25	26	27	28
31	29	30	31				

Тамыз

31				1	2	3	4
32	5	6	7	8	9	10	11
33	12	13	14	15	16	17	18
34	19	20	21	22	23	24	25
35	26	27	28	29	30	31	

Қыркүйек

35							1
36	2	3	4	5	6	7	8
37	9	10	11	12	13	14	15
38	16	17	18	19	20	21	22
39	23	24	25	26	27	28	29
40	30						

Қазан

40		1	2	3	4	5	6
41	7	8	9	10	11	12	13
42	14	15	16	17	18	19	20
43	21	22	23	24	25	26	27
44	28	29	30	31			

Қараша

44					1	2	3
45	4	5	6	7	8	9	10
46	11	12	13	14	15	16	17
47	18	19	20	21	22	23	24
48	25	26	27	28	29	30	

Желтоқсан

48							1
49	2	3	4	5	6	7	8
50	9	10	11	12	13	14	15
51	16	17	18	19	20	21	22
52	23	24	25	26	27	28	29
53	30	31					

ҚЫЗЫҚТЫ ЖАЗУШЫНЫҢ ӘЛЕМІ

ЖАЗУШЫ МОЛДАХМЕТ ҚАНАЗДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ХАҚЫНДА



Адам санасына, ойлау жүйесіне, болмысына, тіліне, әдебиетіне кез келген, тіпті болмашы бір тіршілік әрекеті я тарихи өзгеріс, құбылыстар айтарлықтай әсер етеді. Әдеби дүниенің тууы, оның оқырман назарына ұсынылып, бағасын алуы, бәрі-бәрі де кезең-кезеңімен болатын іс. Сондай кезеңнің бірінде, нақтылап айтсақ, соғыстан кейінгі жылдары қазақ әдебиетінде біршама әдеби шығармалар мен авторлардың аттары қылаң берді. Сол әдебиет үлгісі әлі де қызық. Бәрінің жазғаны, суреттегені бір кезең. Десе де, әрқайсысы өмірдің әр түрлі қырын жазып, зерттеп, әр түрлі мәселені көтере білген. Уақыт өткен сайын біз бұл кезеңге неге айналып келе береміз?!

«Біздің әдебиетке Молдахмет Қаназ маған кей-кейде халқының осындай асыл қасиеттерін жырлау үшін келген секілді көрінеді. Несі бар, тамаша талап! Биік мұрат бұл! Біз Молдахмет творчествосынан оның тұрғыластарының көпшілігінде ұшыраса бермейтін кейіпкерлерді, ұлттық мінезді жиі көреміз. Басқасын былай қойғанда, Қаназдың алғашқы әңгімелерінің бірі «Бұру жолдағы» бір ауыз сөз үшін сонша шама шаруаларынан қалып, ақиқат үшін айтыс-тартыспен түу жер түбіндегі төрелік берер ақсақалға барып жүгінетін Пірімбет пен Оқас; қартайған шағында туған жерінен қол үзуге мәжбүр боп, кіндік қаны тамған жерді өліп-өшіп аңсаумен өмірін өткізіп жатқан науқас шал – анау «Жусан иісті жүрдек пойыз» дейтін әңгімедегі Емберген қария – тап осындай, тап-таза қазақы характерлер. Оларды ағылшынның да, француздың да, немістің де, орыстың да, ешбір елдің де шығармашылығымен шатастыра алмайсың. Нағыз ұлттық мінездер! Ол – ол ма, бір ғажабы, біздің Молдекеңнің адамдары түгілі, түу қияңдағы ескі қыстауда туып-өскен Төрткөз итіне шейін, анау аңыз-ертегілеріндегі аңқұстарына шейін, тап-таза осы өлкенің төл перзенттері екенін жазбай танисың.



Бұл не деген сөз? Бұл – жазушының өзі алып отырған обьектісін өте жақсы білетіндігі және соны көзбен көріп, қолмен ұстатқандай етіп бере алатын шеберлігі деген сөз!».

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті сөз зергері, әйдік прозашы Қажығали Мұханбетқалиұлы ағамыздан осындай жоғары баға алған Молдахмет Қаназдың кітабы қолыма тиді. Даланы сағынып, қалаға сыймай жүрген ұлға ауылға барып келудің ең тура жолы дерсің, тегі! Даланың ұлы әуелі жусанның иісін, кейін аттың жалын сағынады. Кітапты ашып қалғанда алдымнан атып шыққаны да – осы екі бірдей қадірлі қасиет. Жаңа туған құлын. Құлынның танауын жарған дала иісі. Құлынның көзімен қарағандағы жаңа да бейтаныс әлем.

«Тосын иіс көкірек қапты, таныс бірдеңе тұла бойын тағы бір жыбырлата түсті, сол таныс дәуге еріксіз жақындай түсті: бүйірін тақап еді, жанға жайлы жылылықты сезінді, тұмсығымен түртінектеп еді, түу баяғыдан, баяғы болғанда әу болжап болмайтын заманнан, ет бауырын елжіретер етене жақын хош иіс тұла бойына жылылық рухын таратып, көкірегін шымыр-шымыр қуалай жөнелді». Осы бір үзіндінің өзінде қаншама қою теңеу жатыр?! Жазушы шеберлігінің бір қыры осы. Теңегенде де сол бір бағзы, сол бір таныс та бейтаныс, түсінікті де түсініксіз дүниелермен салыстыра, қанымыздағы (ген мағынасында) қасиеттерді қайта тірілтіп, бейсананың зындан түкпіріндегі жып-жылы естеліктерді көз алдыңа қайта алып келіп, жаңа түстегі, балалықтың тәтті табы сіңген әдемі түстегі қиялға оңай қондыра салады.

Осы әңгімедегі тағы бір үзіндіге назар аударайықшы: «Құлақты түріп жіберсе дыбыс есітеді, бейтаныс әлдебірдеңелердің күрт-күрт шайнағаны, пысқырғаны құлаққа апайқын келеді, аяқтарын әлі түбегейлі түсініксіз әлемге бойлай сүңгітеді, құйрықты да, неге екенін қайдам, олайбұлай желпіп тастауға болады екен. Түп-түгел еркіндік, әлі бұлыңғырлау, сүйкімді еркіндік келгені. Солардың барлығына таңырқап, ләззаттан басы айналып, біраз сілейіп тұрды», – дейді автор. Бұл құйттақандай құлыншақтың жаңа да бейтаныс әлемді тани бастауы. Шашасына шаң жұқпас тұлпар мініп, ана қырдың шаңын мына қырдың шаңына қосып, шауып жүрген тынымсыз тіршілік осы еркіндіктен басталмай ма? Керекті-керексіз талай дүниені қондырып ап, сақинасы сынып жүрген бас ең алғаш осы ләззаттан айналмай ма? Уақыттан қалмаймын деп сабылған көптің қатарына қосылып алып мұрныңнан шаншылып ең алғашқы аң-таң жүру осы сілейіп тұрудан бастау алмаушы ма еді? Ендеше, жас құлынның бір-ақ сәттік сезімін суреттеу арқылы адамзат атаулының болмысын, табиғатын суреттей салу хас шеберге ғана тән құбылыс емес пе? Молдахмет Қаназ осындай қызықтарымен ұнады.

Суреттеу. Суреттеу арқылы сезімнің тәтті қылын шертіп өту. Бұл Молдахмет жазушының бір қыры ғана. Келесі қыры көңілді желіс. Оқиғаны айта отырып әркімде бар ішкі талас арқылы, ішкі дауыс арқылы кейіпкердің әр ісін саралап отыру. Осы саралау арқылы ағат кеткен жерлерін сынап салу. Сынап отырып оқырманға езу тартқызу,

кейіпкердің табиғатына сіңімді юмор. Бұл барлық дерлік жазушының қолынан келе бермес шығарманы тірілтетін қалып. «Жетінші кластағы жойқын махаббат» әңгімесін алып қарайық. Сөзіміздің дәлелі болсын...

Ауылдан ұзап шығып, жаз бойы шүберек тимеген денеге үсті-үсті жаңа киім киіп алып қалаға келу. Қала әдебін білмесең де білетін адамдай маңғаздана кербез алшаңдау... Қалаға келіп, көңілге құрт боп түсе қалған қыз Маржанкүлдің көз алдында қалалық бола қап қатарға қосылмақшы дала баласының харекеті. Шығарма сөйлесін: «Туфлиімнің бауын ішіне салып, мақта шалбарымды қаққылап, белбеуімді қайта тартып байлап, көйлекті бір сипап тастап, қалаша айтқанда, аулаға гөләйттауға шықтым. Сонан кейінгі шаруа – екі қолды қалтаға салып тастап, үлкен кісілер сияқты шарбақтың ішінде алшаң-алшаң жүру».

Жақын көріп тұрған қызыңның жанына қайдағы әдептің салдарынан жолай алмай тұруды – «Қонақ, оның үстіне ер кісіге, қазан-аяқ жаққа баруға болмайды, ол – жамандықтың белгісі. Қонақ осылай тіп-тік болып, олай-бұлай жүреді, көпшікті шынтағының астына басып жатып шай ішеді, ауа райы, жоғалған мал, аудан басшылары, құдалар жайлы үлкен-үлкен шаруалар айтады». Бұл жолдарда ой, сын, юмор, наразылық, тамсаныс, қарсылық, кекету қатар тұр.

Аңғармаған, байқамаған жерден келетін, келетін де барлық ақыл-ойынды баурап ала салатын бала махаббат әркімнің де есінде болар. Осы бір асау да албырт сезім кім кімге де өзінше жылы. Айтпағым, осы әңгімедегі Боташ секілді мен де өзге ауылға барып оқығам. Мен де біреудің қолында тұрдым. Мен де туған ауылымды, туған топырағымды ерекше аңсайтынмын, қауышуға асығатынмын, сондай ынтық сезім... Осы сағынышты, осы пәк те ұлы сағынышты бір қызға деген болмашы сезім әу бастан тұқыртып тастаушы еді-ау. Бәріне кінәлі үш айда адам танымастай құлпырып шыға келетін қыздар! Аяқасты ұнатып қалу. Сол ұнатқан қызыңның жанына жақындай алмай өзіңмен өзің арпалысып тозақ отына түсіп жүру. «Кенеттен» жолығып қалғанда қаншама күн бұрын дайындап қойған сөзіңнің бәрін тарс ұмытып қалу. Ұмытып қалып ақымақ кейпін жамылу. Бәріміздің басымыздан өткен шаруа шығар, бәлкім...

Осындай тәтті кездердің бірін автор: «Не істерімді білмей таңырқап, тұла бойым да қайта бусанып жүре бергені.

–Қайтып бара жатсың ба? – дедім.

–Иә, - деді сызылып.

Одан әрмен қарай сұрақ дайындалмаған еді, шатыса бастасам керек-ті.

–Үйге ме?

–Иә, үйге.

«Адам қайтқан соң үйіне емей, қай жаққа қайтпақшы?»

–Алты сабақ болмай ма?

Бүгін бұларға алты сабақ болмайтынын біліп алғаным қашан.

–Бүгін бес сабақ оқимыз.

–Ың...» деп суреттейді.

Боташтың өзі мен ішкі дауысы осылай шатысып айқасып қала береді. Ішкі дауыс арқылы оқырманның да миына бара қоймаған көкейдегі сұрағы жауап тауып отырады.

Әдебиетке әу бастан-ақ өзіндік қалам өрнегімен келген жазушының қолтаңбасы әп дегеннен түсінікті көрінгенмен қарабайыр емес, сергек оқырманды астарлы ойлауға жетелейтін иірімдер мол. «Саяқ», «Ескі қыстау», «Ит өлімі» әңгімелерін оқыған кезде бұған анық көз жеткіз алар ең.

Молдахмет Қаназ біз білерде дабыра даңғазадан аулақ осындай қызықты әрі қарапайым жазушы. Жарнамасы жоқ демесең, «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрген екі елі кітабынан мін көрмедім.

Анық бір нәрсе: бүгінде жарнамасы жоқ, насихаты аз қаламгердің оқырманы көп әрі шынайы. Атақ пен дақпырт, у-шуға толы пафосты сұхбат, көлгірсіген, данышпансыған одалардың ешқайсы да мөлдір дүниеге, иманды шығармаға кесірін тигізе алмайды. Қаламға серт берген шығармашылық адамын жазу ғана құтқарады екен...

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы, әдебиет сыншысы,
ҚР «Дарын» мемлекеттік
жастар сыйлығының лауреаты

БАҚЫТТЫҢ ТҰРАҒЫ



Бір күні Қызыр ата жолаушылап келе жатып Бақытты кездестіріп:

- Әй, Бақыт, мен ел ішін аралаймын, пенденің тілегін Құдайға жеткіземін. Бірақ, қай үйге кірсем де, жұрттың бәрі «бақыт кірсін», «бақытты болайық», «бақыт қайдасың» деп іздеп жатады. Жаббар Хақ сені Адамға серік болсын, өміріне көрік болсын деп жаратты. Шиш пайғамбар алғаш үй салғанда төріне жайғасып едің. Ел-жұрт «Ат аунаған жерде түк қалады, қонақ отырған жерде құт қалады» деп, саған қол жеткізу үшін қонақ шақырып, мейман күтуге талассатын еді. Бірақ өмірде бақытты жандар да көп, бақытсыз бейбақтар да жетерлік. Сен әркімнің қолына түсе бермейтін бір ғайып құсы сияқтысың. Тұрағыңды айтшы, жарқыным. Кімдерге қонасың, кімдерге бұйырмай кетіп қаласың? – дейді. Бақыт:

- Сұрағың орынды, Қызыр баба, - деп әдеппен тағзым етеді. – Мен, ең алдымен, ісінің берекесі жоқ, сөзінің келекесі көп адамға дарымаймын. Ата-анасын сыйламайтын, оларға қызмет қылып, жандарын қинамайтын надандармен де жұлдызым қарсы. Есірік ұл мен кесапат қыздан, ата-енесін күтпеген келіннен алпыс қадам аулақ жүремін. Әсіресе, Аллаға зікір айтпайтын, иманын дұшпаннан қорымайтын, көрші ақысын жеуден қорықпайтын жандармен Құдай жолымды түйістірмесін деп күніне сан мәрте дұға қыламын, депті. Қызыр ата тағы да:

Ал қайда тұрақтайсың? Кімнің шаңырағына шаттық бітіресің, кімнің басына бақ болып бітесің? – деп сұрайды. Бақыт іркілместен:

- Менің ең жақсы көретінім – ата-анасына құрақ ұшып қызмет ететін, бірлік пен ынтымақты ырыс деп ұғатын жандар. Өзгені күндеуден, кісіні мінеуден аулақ момындарды іздеп жүрем. Алланың есімін жаттаған, адалдан басқа татпаған ақжүрек жандармен жылдам жұғысамын. Сахар тұрып, сәресі ішіп, ораза ұстайтын тақуамен тез тіл табысамын. Бейбітшілік пен берекені ту еткен кісілермен тіл қатыспайақ ұғысамын, - деген екен. Қызыр ата шаттанып:

- Ендеше сен қонған жанға мен де даримын, - дейді. «Бақ қонып, Қызыр дарыған» деген сөз осыдан қалған екен деседі.

ӘҢГІМЕ туралы ӘҢГІМЕ



НЕСІПБЕК ДӘУІТАЙҰЛЫНЫҢ «ҚАНҚЫЗЫЛ ЖАЛҚЫН...» ӘҢГІМЕСІ ХАҚЫНДА

Несіпбек Дәуітайұлының «Қанқызыл жалқын...» атты әңгімесі шағын жанрға негізделгенімен терең философия мен психологияға құрылған. «Сәттің шоқысынан» күнде болмаса да арасына аз уақыт салып жиі көрінетін, сол маңайдағы қыстаудың «көз құртына» айналған қызыл түлкі жайында. Шығарма басынан аяғына дейін қызыл түлкімен байланысты өрбіп, сюжеті тарқатылады. Мұндағы қызыл түлкі шығарманың негізгі кейіпкері емес, керісінше кейіпкерлердің образын ашу үшін қолданылған деталь. Кез-келген туынды үшін көркем детальдың қызметі айрықша. Көп жағдайда шығарманы оқып біткен соң оқырман оның негізгі мазмұнын есте сақтап, ондағы кейбір детальдар ұмыт қалып жатады. Осы туындының фабуласын еске түсіріп көрейік, мұның қай тұсында көркем деталь орын алуы мүмкін?.. Ерсуанның ауған соғысынан бір аяғынан айырылып келіп, ешқандай жұмысқа жарамай, я үйлене алмай, ауылға сыймай жүргенде сол ауылдың шаруа қожалығының иесі Өжденбайдың өзіне оң көзбен қарап, қыстауына алып келеді. Өжденбайдың қойшылардан ас-суын аямайтындығын айтпағанда, басқа барар жері жоқ Ерсуан үшін осыдан қолайлысы көрінбейді.

Қыстауда осы күні жиі айтылып, елді есінен айырған қызыл түлкі пайда болады. Көкейіңнен кетпейтін қанқызыл түлкіні жұрт көзіне көрінгенімен, құс салып та, ит қосып та, атпен қуалап та ала алмай жүр. Нарқызылдың жайылымын өз алдына жекешелендіріп, қыстау салып, мал баққан қорықшылардың қайсысын тыңдасаң да шетінен қызыл түлкіні өзі аламын деп қызылкеңірдек боп жатқаны. Тіпті қызыл түлкіні кім қолға түсірсе әрқайсысы бір-бір жылқыдан беретін болып та келісті. Осы ой Ерсуанның көптен ойында жүрсе де, Өжденбайдың «аналар алдымызды орап кетпей тұрғанда күні-түні аңдысаңыз да өзіңіз қызыл түлкіні ұстаңызшы»-деген сөзі одан бетер қамшы болды. Содан түнімен, күнімен аңдып қызыл түлкіге Сарыала тайғанын салып, өзі соңынан бір балдағын атқа салақтатып артынан қуып

жүргелі біраз болса да тек осы жолы қалайда қолға түсірмей қайтпайтындай. Шынында жалт етіп көрінген қызыл түлкіге Сарыала түйіле жөнеліп, ақырында түлкіні таба алмай киіз үйдің үлкендігіндей тасты айналып жүргенін көріп, Ерсуан осы маңайда ін болар деп іздейді. Шынында тайғанның дауысы шыққан жерге жақындап көріп, інді табады. Іннің іші терең болғандықтан қараңғылыққа да қарамай қызыл түлкінің қызығына еліріп алған Ерсуан еңбектеп інге кіреді. Қолында шырпысы да болмағандықтан, қараңғыда аңның көзі шоқтай жанып тұрады, қазір-ақ қолыма қылқындырып ұстап алып шығам деген оймен інге еңбектеп ене береді. Алды тасқа тіреліп, сипалап байқаса, ін төменге құлдыйлайды екен. Ендігі ойы, іннің ауызын бекітіп, ертең ішіне түтін салып, түлкіні қолға түсіру ниетімен кері шықпақ болады. Бірақ кептелген киімі де, өзі де артқа тырмысқан сайын тар іннен шығу мүмкін болмай, тар қапас мәңгілік мекеніне айналарын түсінгендей болады. Сол кезде ғана Ерсуанның өткен өмірі көз алдына елестеп, бойын қорқыныш пен үрей билеп, соңы шатаса бастайды. Қыстаудағы қойшылар Ерсуанның үйіне оралмағанын екі-үш күн өткеннен кейін ғана біледі. Барлығы жабылып іздесе де Ерсуанды таппайды.

Арнайы әдебиет маманы болмаса көркем детальдың үлкен қызмет атқарып тұрғанын аңғармай мазмұнын баяндаудан немесе әңгіменің даналыққа құрылған тұсына мән беруден аса алмай жатамыз. Бұл шығарманың ерекшелігін бірнеше қырынан түсіндіруге болады:

Біріншіден, әңгіме авторы Н.Дәуітайұлы өзіне дейінгі заңғар жазушы Ә.Кекілбайұлының «Шыңырауындағы» Еңсептің елде жоқ ең терең құдық қазам деп, құдықтан шықпай қалуы, Э.Хеменгуэйдің «Шал мен теңізінде» шалдың 84 күн бойы үлкен балықты қолға түсірем деп ескі қайықпен ашық теңізге шығып кетуі сияқты үлкен шығармадағы астарлы ойды шағын сюжеткесыйғызған.Азаматтыңадамдықтан айырылып пенделікке бой ұруы әп-сәтте және соңы баянсыз аяқталатынын жазушы тағы бір рет оқырманға мойындатады. Бұл - тақырыбы әр басқа, идеясы ортақ шығармалар тобы деуге негіз бар.

Екіншіден, Ерсуанның қызыл түлкінің соңында жүріп, түлкіден көз жазып қалғанда ертеректе естіген әңгімесінің еске түсуі туындының толық идеясын айқындап тұрғандай. Әңгімеде, байдың жалғыз ұлы өзіне қалдырған қазынаны санап тұрып, енді не жетпей жатқанын әкесінен сұрайды. Әкесі алтын ғана жетпейтінін айтады. Әкеден қалған мұраны місе тұтпаған жігіт сол алтынды табуды мақсат тұтады. Әкесі осы қалған қазынаның өзі аз болмайтынын, оның жолын айтсам қайтып оралмауың мүмкін дегенін де тыңдамайды. Ал әкесінің бауыры жасы жеткен ағасынан қалған қазынаға мұрагер болуды аңсап жүргенде, жігіттің бұл ойы оған үміт сыйлағандай болады. Ол алтынды табу үшін қалай жол жүруді де, ол жолдан ешкімнің оралмайтынында білетін. Сондықтан жігітті жасырын жолға салып жібереді. Әбден арып-ашып, ағасы айтқан өзенге келгенде сақалшашы кудай қарияға жолығып, өзінің не мақсатпен келгенін айтады. Қария, мұның шарты қиын екенін айтса да жігіттің бар ойы алтында болғандықтан басқа ой миына кіріп те шықпайды. Осы кезде қол басындай алтынды байлап, жалпақ тақтайды қайнап ағып жатқан өзенге тастап жібереді де, «ұстап ал, ұстай алмайтыныңды білсең кері қайт, әйтпесе өзіңе өкпеле», дейді. Бір қызығы алтын байлаған тақтай сырғып ағып та кетпейді, жай ғана қалқып су бетінде тұрады. Ал жігіт сүңгіп жетейін десе, судың ағысымен ары жылжып кетеді екен. Жігіт осылай қанша жерге жеткені белгісіз, бірақ жігітті одан кейін көрген адам болмапты.

Әңгіменің бұл тұсын жанама сюжет деп те қарастыруға болар еді. Алайда, сюжеттің шешімі немен аяқталатынын осы бір әңгімеге сыйғызып, оқырманды алдын ала хабардар еткендіктен тағы да көркем детальдың қызметін атқарып тұр.

Үшіншіден, бүкіл қыстақтың атқамінерлері мен малшысына дейін қолға түспейтін қызыл түлкі үшін қызылкеңірдек болуы жайдан-жай емес. Бұл жерде қызыл символикалық мағынада алынып тұрса, түлкі көзбояушылық сипатта аллегория түрінде берілген.Шығармада «қызыл жалқын...» ойлар мен қызыл түлкі қатар өріліп, психологиялық параллелизммен толыққан.

Төртіншіден, «Әшейінде неге де еленбей қоймайтын Ерсуан осы қанқызыл түлкіні көрген сәтте еліріп кететін өзіне беймәлім бір күй кешетінін сезген. Мұнысы несі? Желіктіріп, жеңсік бермей кететін ненің күші? Білетіні, қанқызыл түлкіге тап берген сарыала тайғанның соңына түсті бітті, жалғыз аяғын үзеңгіге тіреп, аяғы жоқ жақтағы білегінің қарына іліп алған балдағы


ары да бері де салақтап, көктөбелді борбайлағанда мынау тау-тас екен, оның үсті қар, мұз екен, ат сүрініп кетер, тайып жығылар, ер үстінен ұшып кетіп, құладүзде жайрап қалып жүрмейін-ай демейді. Ауған соғысында кез келген сәтте мүрдем кетуім әбден мүмкін деген секем, үрей кез келген сәтте қылаң беріп, қиғылық салатын, ал мынаған келгенде ондай сезімнің бірі де жоқ, өлсін-тірілсін әйтеуір, ана қанқызыл түлкіні алып, терісін іреп-сойып, ғажайып қызыл ұлпасын сылап-сипап, бөктергісінде салақтатып бара жатса, бар мұратына жететін секілді. Тіпті, оны Өжденбайға апарып беретіні ешқашан өзінікі болмайтыны есінен шығып кетеді»-деп, автор Ерсуан мінезіндегі құбылушылықты психологиялық баяндаумен тап басқан.

Бесіншіден, автор Ерсуанның ауған соғысына барып от пен оқтың арасында жүргенде де қорықпаған жүрегі тар іннің аузында кептеліп тұрып қалғанда бүкіл өткен өмірі мен өзінің осы күнге дейінгі арманы көз алдынан сырғып өткендей болды. Адамның ақылын, иманын, еркін жаулаған ашкөздіктен адамдардың түбіне жететіні туралы ойы да кейіпкер монологы арқылы берілген. Әйгілі Абайдың «Ескендір» поэмасындағы «адамның көзі топырақпен ғана тояды» дейтін философиясының ізі де осы туындыда орын алған.

Алтыншы, автордың әңгімені аяқтауы да өзгеше. Санасы шатаса бастаған Ерсуанның ойы екіге жарылып, біреумен, әлде өзімен сөйлескені белгісіз халге түсуі - антиутопиялық ойдың элементін елестетеді. Көзін бір ашып, бір жұмып, елес пен өмірдің арасында жатқан Ерсуан түрлі процессті басынан өткереді. Енді бір сәтте қозғалудан қалған денесіне жылылық енгендей, іннің ойық тұсын қараса қанқызыл түлкінің лаулап жанып жатқан оттың ортасында биік тұғырда отыруы, айналасында түлкіге ұмтылған адамдардың лаулаған отқа түсіп, жанып жатуы – санадағы пенделік қасиеттің түбі жеңіліспен аяқталатынын тағы бір еске салады.Шығарманың бұл тұсы меннипея тәсіліне ұқсайды.

Роза ЕСБАЛАЕВА
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу институтының
ғылыми қызметкері





АБАЙ ЫСТЫҚ ЖҮРЕК ИЕСІ

Ия, Абай – сыншы. Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың деп қазақты аяусыз сынаған ойшыл сын дегеніміз осы екен деп сылып түспейді. Өзі де «үмітсіздік - шайтан ісі» екенін ескеріп немқұрайлылыққа салынып, салы суға кеткен емес. Ең алғашқы қара сөзінің өзін ұлы Әбдірахман қайтыс болғаннан кейін жазылған туынды екенін ескерсек, тұтас 45 қарасөзі өмірден түңілудің өзін шығармашылыққа айналдыру мүмкін екендігін көрсетеді. Ұлы Абайдың жалған өмірдің, бақыттың баянсызын ескере келе елді де, ғылымды да, дінді де, баланы да бағуды жөн көрмей шығармышылықты таңдау қасиеті – бүгінгі күнде де өзекті мәселе. Абайдың қара сөздерінің ішінде, әсіресе, осы бірінші, тоғызыншы және жиырмасыншы сөздер адамға тығырықтан шығудың жолын дөп басып көрсеткендей. Осы ойымызды өзінің ғақлия деп атаған қара сөздері арқылы дәлелдесек:

Бірінші қара сөзінен үзінді:

...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

Тоғызыншы қара сөзінен үзінді:

...Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? - еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық кайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір

жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

Жиырмасыншы қара сөзінен үзінді:

...Бірақ осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір қызығының акырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын.

Бұл айтылғандар ұлы Абайды шын иман иесі екенін көрсетпек. «Шүкірліктен ғибадаттың бәрі туады» - деп өзі айтқандай, жамандықтың ішінен жақсылықты көре білу – баршамызға керек-ақ қасиет.

Абай шығармашылығы әр қазақты өзіне нық сенімді болып, елімізге қызмет етуді артық көреді. Жүрегімізге сүңгіп, содан тапқан шын, асыл қасиеттерімізді ел игілігіне жұмсасақ Абай танымындаға толық адам санатынан табылатынымыз хақ.

Өзімізді танып, өзімізді табуымыз үшін Абай қара сөздеріне үңілсек: жиырма жетінші сөзінде айтылғандай «адам алдын, артын, осы күнін - үшеуін де тегіс ойлап тексеріп отыруы керек» екен. Келесі қара сөзінде: «Хайуанның бірі аяғына сеніп жүр, бірі өзіңдей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзі-өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша даркарлік, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар? деп адам қайратын қайрай түсіп «Өзіңе сен өзіңді алып шығар, Ақылың мен еңбегің екі жақтап» деп осы қара сөзін «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» өлеңімен өз ойын тағы да бекіте түседі.

Қырық үшінші сөзінде өзіңмен-өзің жұмыс жасамасаң, өзіңді жоғалтып, басқа адамға айналып кеткеніңді байқамайда да қалатыныңды ұқтырады: «Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой, қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Тағы бір қара сөздердің өзіндік ерекшелігі адамның өзі-өзіне сұрақ қоюдың түрлерін бізге ұсынады.

Адамның диалогтық тәсіл арқылы өзімен-өзі жұмыстануындағы сұрақ түрлері: түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануын, сұрақ қоюдың үлгісі «бастама-жауап-кейінгі әрекет» нысанымен, төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар, кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, адам ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және адамның жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар адамға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа адамға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?»

Енді осы сұрақ түрлеріне Абай қара сөздерінен мысал келтіріп, сараласақ:.

Қырқыншы сөзінен үзінді:

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

Отыз жетінші қара сөзінен үзінді:

Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Жиырма үшінші қара сөзінен үзінді:

Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма?

Қорыта айтқанда, адам өзіне-өзі түрткі болып, өз ойын сынақтан өткізіп, сынақтан өткізген ойды өзіне қайта бағыттап отырса әрбір адам таза мұсылман, толық адам дәрежесіне көтерілетіні хақ. Сондай –ақ, әр адам өзіне-өзі осындай сұрақтарды қоя отырып дилогтық тәсілмен өзімен-өзі сөйлесе алса, тығырықтан шығатын жолды біреудің нұсқауынсыз өзі біліп, өмірін нұраландыра алар еді.

Осы ерекшеліктерді өз заманындағы тыңдаушыларының ұғымына сіңдіре отырып, мораль философиясы негізіндегі гуманистік мұрат-мақсаттарын таратуға ұмтылған Абай әрекетін заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов: «...ашық, айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына көп қосылады... Ендеше бұл сөздің де түп мазмұн мақсаты адамды жақсы етіп шығаратын қасиет –сипаттарды жеткізуге түсу», - деп, көп нәрсенің өзекті желісін қолыңа ұстатқандай бағыт-бағдар береді.

Зүлфия ӘСЕМБАЕВА
Түркістан қаласы



АУЫЛ ЖЫРЫ



КӨРІНЕДІ КҮНГЕЙ БЕТТЕН ТАУ МАҒАН...

Терезеден күннің нұры саулаған,
Көрінеді күнгей беттен тау маған.
Түйе басты қос өркешті қожыр тас,
Шөгіп жатқан бура дерсің аумаған.

Түйе тастар тізе бүгіп шаңдаққа,
Қарайтындай ой жіберіп жан - жаққа.
Төбесіне қонақтады бұйра бұлт,
Жуындырып жауынымен алмақ па?!

Бастады ма екеу ара кеңесті,
Сыбыр - сыбыр сол жақтан бір жел есті.
Мөлтілдеген жас тамызып бұлт кетті,
Кім білсін тау менен бұлт не десті?!

Шертетұғын бір - біріне мұң зарын,
Білмейміз - ау табиғатта тіл барын.
Сүлеймендей болғанымда сұңғыла,
Ұғар едім - деп ойладым сырларын.

САҒЫНАМЫН МОЙЫЛ КӨЗ АУЫЛ ТҮНІН

Бір басылмас көрмесем жан ынтығым,
Сағынамын мойыл көз ауыл түнін.
Сағынамын құлпырған қызғалдағы,
Жылуы мол шуақты сәуір күнін.

Сағынамын анамның алақанын,
Ақ дидарлы арайлы дала таңын.
Аңсатады сыздаған сағынышпен,
Артта қалған арманшыл бала шағым.

Жаза басқан түзетіп тұстарымды,
Заңғар көкке тілеген ұшқанымды.
Сағынамын санама сәуле құйған,
Өнердегі тәлімгер ұстазымды.

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Төпей төгіп ақ жауын сәуірім кеп,
Тұрған болар ауылдың талы гүлдеп?!
Аман болар ақылман ағаларым,
Бойға құйған тәрбие, тәлімін көп?!

Көктемдегі науқанның жайын ойлап,
Жатқан болар қамданып ауыл – аймақ?!
«Жалқы жүр» - деп естіп ем бір құрдасты,
Атанған да болар – ау кәрі бойдақ.

Етегінде ауылдың біз дөңесте,
Ойнайтынбыз топ бала күнде кешке.
Шырын кездер екен – ау деп ойлаймын,
Түскен сайын шат көңіл күндер еске.

Бала көңіл құмартқан далаға шын,
Ат қып мініп кесіп ап тал ағашын.
Ететінбіз шапқылап азан – қазан,
Мына бас пен көшенің ана басын.

Күндіз жайып қозы – лақ қыр белеске,
Еретінбіз боз сағым түлкі елеске.
Күн суытса тазалап пеш мұржасын ,
Көмілген ек біз талай күл көмешке.

Сағынышым іштегі қозғап барды,
Ауыл жайлы шерімді толғап та алды.
Ізім қалған жолында бала күннің,
Алыс қалған аңсадым сол шақтарды.

АҢСАУ

Өтіп өмір - жаз, күз, қыс, көктемі де,
Елден жырақ көп болды кеткеніме.
Әлі күнге бір хабар бермеді деп,
Ауылдағы ағайын өкпелі ме?!

Асық атып, асыр сап, тепкен лаңгі,
Ерке күндер шықпайды естен мәңгі.
Бозбала боп ауылдың бақшасында,
Тұратынмын қыз күтіп кеште айлы.

Балғын дәурен ұқсаған шырын гүлге.
Сағынаштың шертерсің сырын кімге?!

Өкше басқан інілер өсті қанша,
Бірін білсем, білмеймін бірін мүлде?!

Хабарыңды жылдарым есіттірмей,
Жаутаң қағам жайыңды жетік білмей.
Қайтайыншы бір барып ауылыма,
Жазармын – ақ жақсы жыр кешіктірмей...

АРМАНЫМ

Үміттене иек артып таңдарыма,
Жете алмай келемін арманыма.
Күннен қашқан көрініп көлеңкедей,
Әлде мені құрғырың алдады ма?!

Көз арбаған көк елес сағым ба еді,
Қиял қуған әлде бұл шағым ба еді?!
Жырдың отын тұтатып жүрегімде,
Сезім желі іштегі тағы үрледі.

Құлап тұрып қайтадан ұмтыламын,
Өлең арман жеткізбей ынтығамын.
Алады да оятып ұйқымнан ол
Мазамды ап қоймайды шымшылауын.

ҚАНАТТЫЛАР ЖАРЫСЫ
(ел аузындағы аңыз бойынша)

Ақылмандар ой салар сөз тізіпті,
Аңыздардан естиміз көп қызықты.
Құстар тобы жиналып ақылдасып,
Ән айтудан бір жарыс өткізіпті.

Тыншу таппас мұндайда талаптылар,
Дүбір шықса қалайша қарап тұрар?!
Қатысуға жарысқа әншімін деп,
Келген екен көп жерден қанаттылар.

Баянсыз боп басынан бақ ұшқан ба,
Даусы дара шығатын жарысқанда?!
Бағаланбай бұлбұлдың әншілігі,
Бас жүлдені береді сауысқанға.

Кім көріпті дәл мұндай масқараны,
Айтыс – тартыс үлкен дау басталады.
Кейінірек қарт қыран айтты шынын,
Төрешілік етті деп «Тазқараны»

Күні бұрын білмедік мұны неге,
Өнер өлді, қайтадан тіріле ме?!
Құзғын етсе «қазылық» - құстар айтты,
Зар болармыз бозторғай үніне деп...

ГҮЛДІ ЖҰЛДЫ

Тәртібіміз төмендеп шын бұзылды,
Әйел адам көшеде гүлді жұлды.
Гүлде нең бар деп едім өсіп тұрған,
Әжуалап өзімді жынды қылды.

Қауыз ашар жүректің жылулығы,
Гүл емес пе даланың сұлулығы.
Танымының шеңбері тар әйелге,
Болған шығар қиындау ұғу мұны.

Гүл қасында жадырар дем алса адам,
Парықсызға айтқанда не марқадам?!
Бес тал гүлді жұлып ап кете барды,
Қарай бердім әйелге жеп арқадан.

Тіршілікті бола ма жұла берсе,
Үңілуі әйелдің сірә келте.
Гүл ғұмыры қысқа ғой онсыздағы,
Үзілгені обал да тым – ақ ерте.

Бола қоймас адамның бәрі бірдей.
Біреулерге жетпейді тағылым кей.
Гүлді жұлған сол әйел сұлулыққа,
Сан қиянат жасар – ау тағы білмей...

АНАМА

Сіз боласыз мен үшін құрметті адам,
Өлең арнау өзіңе міндет маған.
Ұзақ жылдар ұстаз боп еңбек еттің,
Өстім мен де саяңда гүлдеп санам.

Ел есінде сақталып қалмасаңда,
Маған ана қымбатсың әрқашанда!
Қиналғанда рухыңмен сүйеп мені,
Түсіме де кіресіз анда-санда.

Жатырсың-ау тас төсек қабіріңде,
«Жоқ» дегенге сенбеймін әлі күнге.
Ауырғанда дем беріп жылы сөзің,
Болмайтынды керегі дәрінің де.

Сұм тағдырым талай рет сүріндірді,
Дұшпандарым сөзге де іліндірді.
Кешір, ана, кеш жазсам жырымды мен,
Қадіріңді құлының бүгін білді!

МҰҢ

Сетінемей сары уайым қар мұңым,
Қажыттың-ау тас кедергі тағдырым.
Қиян асып келеді қаңғып кеткім,
Тәрк етіп-ақ тірлігімнің барлығын.

Оңашада көп мүжіп өз-өзімді,
Үңгіп жейді жебір ой өзегімді.
Сырласуға дос таппай жібі түзу,
Сан жұбатқан сүйемін өлеңімді.

Ұмыттырып жүректің лағыл әнін,
Қамап алды мінеки тағы да мұң.
Мұңнан ада қайғысыз балалығым,
Алаңы жоқ сол кезді сағынамын.

Мұхит МАХАЖАНОВ
Кентау қаласы

АРМАНЫНА АСЫҚҚАН ҚЫЗ



Бүгінгі қоғамға әйел тұлғалар қажет пе? Әрине қажет! Тіпті, жаны нәзік болғанымен, тығырыққа тірелгенімізде, қимылы батылдау көрінер ханымдарымыздың әрекетіне қарап, бұл пайымымыздың алдамайтынына сенімдіміз. Тұмар, Зарина, Хиуаз, Әлия, Мәншүк, Ләззат, Сәбира... сана-малай берсек, ерік-жігері мықты мұндай батыл қыздарымызды мына заманда да өз замандастарымыздың арасынан кездестіріп жатамыз: Кәмшат, Зылиха, Майшай, Фариза, Аққұштап, Күләш, Марфуға, Гүлшара, Тамара, Алтыншаш, Ханбибі, Оразкүл, Құралай... Олар қару ұстап, атойлап жауға ұмтылмаса да, ұлты үшін, тілі үшін, атадан мирас болған бағалы құндылықтары үшін отбасы күйбеңінен сытыла шығып, жарғақ құлақтары жастыққа тимей безек қағып, шырылдап, халқадерінше жаңа заманның жаңа келбетін қалыптастыруға үлес қосып жүр. Бұрыннан таптаурын болып, әбден көнсіңген қасаң қағидадан аулақ, жаңа да тың, күрделі міндеттерді мойындарына алып, жадау жандарын жігерлеріне, ширықтыра, алға ұмтылады. Ендігі қоғам, міне, осы сияқты жандардың түсінігі, ерік-жігері, іс-қимылы арқылы жүзеге аспақ. Осыдан соң бұларды тұлға демей, не дейік!

Тұлға болмаса, шығармашылық адамдарының арасында бәсекелестік болмайды. Бүгінде елімізде жүзеге асып жатқан әлеуметтік-экономикалық және индустриялық-инновациялық реформалар, «Мәдени мұра», «Болашақ» бағдарламалары, «Интеллектуалды ұлт» жобасы және интеллектуалды ұрпақ әзірлеуге бағытталған мемлекет гранттары осы пікіріміздің дәлелі. Мұның бәрі тұлғаның жан-жақты қалыптасуына тиісті негіз қалайды. Осындай объективті жағдайларды тиімді пайдаланып, өзін-өзі ұдайы дамытып, жетілдіріп, қамшылап отыратын адамдар біздің арамызда да аз емес. Мен танитын Гүлжаз Қарыбек солардың бірі.

«Пәлі, мұның қалай? Артықтау емес пе?» деп қылп ете қалатыныңызды ішім сезіп отыр... Несі бар? «Тұлға» деп тек кеңседен шықпай қағаз кеміріп, атақ-абыроймен ұпай жинап, кеудесін орден-медальға толтырған адамдарды ғана айту парыз ба екен?.. Ұлты үшін ойындағысын қаймықпай айтып, оймақтай ойын тасқа қашай жазып, сол пікірі арқылы маңайына жақсы аура қалдырып жатса, соларды «тұлға» десек, несі айып?

Гүлжазды мен студент кезінен жақсы білемін. Шәкіртім. Заман таршылығы тығырыққа тіреді деген жоқ, бауыры-

на басқан нағашысының қолында өсті. Әлденені көкседі, іздеді, үміттенді. Қағазға шұқшиды, жазу-сызудан, шығармашылықтан ләззәт алды.

Оқуын бітірген соң алысқа ұзап, бағын сынап, үлкен қаладан бақытын тапқысы келді, бірақ ақынын – Қасымын «баспанасыз қалдырған» Алатау баурайындағы қала мұны жатсына қарсы алды. Дегенмен, өжеттігінің, мақсатқа ұмтылуының арқасында әйелдер жорналында табандап тәжірибе жинады, жорнал шығарудың қырсырын меңгерді.

Талайға атақ-даңқ сыйлап, танымал еткен мегаполисте жүре бергісі келіп еді, «әй, менің бағым ауылда, топырақ иісі сіңген далада шығар» деп бір күнде шешім қабылдады да, барлығына қол сілтеп, Қылуетте жатып-ақ мәңгілік өлмес хикметтерін жазып қалдырған Хазірет Сұлтанның отаны - көне шаһарға келді. Осындағы аяулы ағаларымен, дос-жарандарымен ақылдаса келіп, дербес жорнал шығаруға бекінді. Ақпарат өнімінің тез тарауы – оның атына да байланысты. Таралымы табалдырықтан аспайтын терминшіл не болмаса шұбыртпалы атаулы басылымдар көп. Бұған керегі – ел көкейіндегі сөз. Сара сөз. Яғни, жорнал аты – «Сарасөз» болмақ!

Кейін бұл туралы бір постында Гүлжаз былай деп жазады:

«Жүрегіңе жылулық сыйлайтын сүйікті кәсібің болғаны қандай ғанибет! Өз-өзіңе бастықсың! Тәтті ұйқыңды қиып, таңғы аязбен алысып, асықпайсың! Ешкіммен киім киіп жарыспайсың. Құндылықтар өзгерді! Біреудің айтқанымен жүрмейсің, есесіне бар шаруаны өзің ұйымдастырасың! Ұйқым қанды дегенмен, бар жауапкершілік өзіңде! Ең бастысы, өз-өзімді жұмыспен қамтып, қала берді, мемлекетке салық төлеп, еліме пайдамды тигізіп отырмын! Шаршасам да, жұмысымнан ләззат аламын! Күллі түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласынан республикалық деңгейде, бәсекеге қабілетті журнал шығарып жатқанымды мақтан тұтамын!».

Өз кәсібіне деген адалдық бұл! Бұдан асқан қандай құрмет, қандай махаббат болмақ!

Шығармашылық қуаты да, талабы мен таланты да бір-бірімен жарасқан жорналшы осылай өз бақытын Йассыдан тапты. Ал жорналы бұқараның үніне айналып, халықтың нағыз іздеп оқыр басылымына айнала бастады. Таралымы түгенденді, авторлары жоталанды. Белгілі ақын, жазушы, публицист, ғалымдардың өзі «Сарасөзге» мақала берейікші деп, қолдарына қалам ұстап, тың тақырыптарды қозғай бастады. Құлбек Ергөбек, Несіп Жүнісбай, Мыңжан Байжанин, Мариям Әбсаттар, Елдос Тоқтарбай, Қалқаман Сарин... әрқайсысы бір әлем. Ақселеудің «Жұмбағы», Тоқтар батырдың «Бес ерлігі», ұлттық өнім жанашыры Дәулет Сыдықтың «Шұбаты», Жантұрсын шебердің «Домбырасы» - «Сарасөз» жорналы арқылы оқырманға жетті. «Назым сөз», «Сахна сөз», «Насыр сөз» - есте жоқ ескі замандардан сыр суыртпақтап, шежіре шертті. Ең маңызды деген жаңалықтар өңір газеттерінен бұрын «Сарасөз» нөмірлерінен көрініп тапты. Тұтас түркі дүниесінің әдебиеті мен мәдениетін ұйыстырар «Turksoy» ұйымының бағамды істері «Сарасөз» арқылы қалың қауымға жетті. Қадым жәдігерлерін осылайша түпкіштей түгендеп, зерделей зерттеп жариялауы жорнал редакторының біліктілігі мен ой ұшқырлығының ұшқыны болса керек.

Қазіргі журналист – ол жазушы, редактор, сарапшы, корректор һәм дизайнер. Өйткені басылым басшысы елді аузына қаратқан азулы ақын-жазушылардың шығармаларын қаймықпай «түзетеді», сұхбат беруден қашатын сөзге сараң адамдардан сыр суыртпақтайды, жорналдың ішкі мазмұны мен сыртқы сұлулығына үңіледі. Гүлжаз басшылық еткен жорналға біздің де, суретші Мұрат Шаханбай екеуміздің, титтей де болса үлесіміздің болғанын қазір мақтанышпен айта аламыз.

Гүлжаз мұнымен тоқтаған жоқ. Енді өзін жазушы ретінде сынап көрмекке бекінді. (Айтпақшы, әлеуметтік желілерден оның бірер өлеңдерін де көзіміз шалып қалған).

«Басқаны қайдам, биыл мен үшін зорыққан жыл болды, – дейді Гүлжаз бұл турасында. – Оның үстіне өзіме есеп беретін де уақыт келіп қалған екен, мүмкін, менің бұл жазбам әлдекімдерге пайдалы болса – сауабы да сол. Биыл ешкімнің шақырған шәйіне бара алмадым, қоңыраулар мен хаттарға уақытында жауап бере алмадым. Түркістанға келіп кеткен жақын-жұрағатты күтіп алу, шығарып салу істерімен де айналыса алмадым...

Бір сөзбен айтқанда ешкіммен ісім болмады. Содан да болар, кейбір кісілер мені «тәкаппарлығы басым» деп деп қабылдайтын көрінеді... Өзімді тани түсейін, кәсіби, тұлғалық жағынан жеке

басымды жетілдірейін деп қана ойладым. Өз жүрегімнің ғана үнін тыңдауға бекіндім. Әр адамның ішкі қажеттілігі әртүрлі. Сыртына қарап тон пішe салу үлкен әбестік... Құдайға шүкір ішкі фильтрім, интиуициям жұмысын мүлтіксіз атқаруда, сол себепті керегімді алдым, керек емесін отқа тастадым. Оның үстіне жорналшы болған соң қоғамды зерттей жүру әдетім емес пе?! Үйренетін дүние көп-ақ! Менің кейбір жазбаларыма қарап бір құрбым «Білдей бір журналдың бастығысың, оны-мұны жаза берме» деп сақтандырады... Қайтейін, барым осы! Айтпақшы, тәкаппар болатын жөнім жоқ, шыққан жерім де тегім де қарапайым, буына мастанатын байлығым да жоқ. Оның үстіне жұмыс барысында, мамандығымның арқасында талай Жақсымен дастарханда болып сұхбат құрдым, бай-манап та, ғалым да, небір кіл жүйріктер алдымнан өтті. Олардың қарапайымдығына әбдән тәнті болғам! Мұндай ғажап рухани сұхбаттардан кейін шаңның тозаңындай тәккаппар болуға менде құқық жоқ! «Бәрін айт та, бірін айт» журналымның азапты лəззатына мені тағдырым мықтап арқандаған-ақ екен... Мобильді заманда көзсіз жасаған ерлігім болды... Осының барлығымен жағаласып жүріп кітап жаздым десем не дейсіз? Шақырған шәйға бармай, өзіммен өзім томаға-тұйық жүргенім сол қымбат ойларымды санамда пісіріп, қағазға түсіргенше жаным жай таппады ғой... Биылғы жылдың ең ауыр жүгі де осы еді. «Иә, Жаратқан, абырой бер!» деп қағаз қаламымды серік еттім...».

Міне, Гүлжаздың тұңғыш туындысы «Алдаспаны» қолымызда!

Кейіпкері – сөзге сараң, бірақ ішкі түйсігі терең, айтары мол қарапайым еңбек адамы. Текті жанның көкірегінен төгілген түйдек ойларын Гүлжаз әдеби сөзбен кестелеп, көрген-білгені өзгеге де керегі болар деп тәмсілдеп, ғұмырнамалық эссе жазып шыққан.

Жуық арада Тұранның тылсым топырағындағы «Екі дүниенің есігі» атанған қасиетті Түркістанда «АЛДАСПАН» кітабының «АВТОР. КЕЙІПКЕР. ОҚЫРМАН!» атты тұсаукесер кеші өтті. Автор мен Кейіпкер қатарласа отырып сыр ақтарды, дәстүрлі әнмен, күмбірлі күймен әдіптелер әдемі кештің куәсі болдық! Сол арқылы Гүлжаздың ішкі әлеміне үңіле алдық!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



ЛАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ЖАНАРЫҢЫЗДЫ САҚТАҢЫЗ



«Компьютер, ұялы телефон, электронды кітапқа үңіліп отыра берсек, көзге зиян» дегенді естідік. Бір нүктеге қарап, тесірейіп отырсақ көзді жыпылықтатуды ұмытып кетеміз. 20 секундта адам көзін табиғи түрде үш-төрт рет жыпылықтатады. Оны ми санамайды, біз де сезбейміз. Бірақ компьютер, телефонға тесірейіп отырған адам көзін екі рет ғана жыпылықтатады. Осылай жалғаса берсе, жас каналдары бітеліп қалады, көз құрғайды. Яғни, көздің беткі қабаты құрғап, жасылғал жетіспейді. Бұл ауруды окулистер «сухой глаз» дейді. Көздің ішінде құм тұрғандай ауырады.

*Сондықтан компьютерде отырғанда әр 45 минут сайын көзді отыз рет жыпылықтатып, отыз рет қатты жұмып-ашып, жаттығу жасаған жөн.

*Таңертең ояна сала ұялы телефон/компьютерге жүгірмеңіз. Скринге кем дегенде жарты сағаттан кейін қараңыз.

*Электронды кітап оқығанда көзді жыпылықтатуды ұмытпау керек. Кітаптің қызығына кіріп кеткенде көз ұмыт қалады. Ал ми екі бірдей тапсырманы орындауы қиын. Сондықтан қағаз кітап оқуған жөн. Себебі қағаз кітапта адамның көзі бір нүктеге қадалмайды. Электронды кітап оқу ыңғайлы десеңіз, 30 минуттан кейін үш минут жаттығу жасаңыз.

*Таза ауада көп серуендеп, жүгірген дұрыс. Сол кезде көздің беткі қабаты ылғалданады. Көз құрғап кетсе, жасанды көз жасын сатып алуға тура келеді. Ол - артық шығын, артық әуре.

*Құрғақ көздің жазылуы қиын. Асқынса, өмір бойы әуреге салуы мүмкін. Көз ішінде құм-топырақ тұрғандай болса дәрігерге жүгіріңіз. Бұл мәселені дәрігердің көмегімен шештім. Қазір электронды кітап оқуды азайтып, аудио кітапқа көштім. Әлеуметтік желіге лимит қойдым. Әр 45 минут сайын көзге үш минут жаттығу жасаймын. Таңертең скринге бір сағаттан кейін қараймын. Жас каналдары ашылды, көз құрғауын қойды. Шүкір.

Көзіңізді күтіңіз.

Руслан МЕДЕЛБЕК



Редакция арқылы
1 жылға жазылу бағасы:

6500 тг

6 айға жазылу бағасы:

3500 тг